

Өтімді бағалы қағаздардың жекелеген түрлерін шығару кезінде ақпарат беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 12 қаңтардағы N 56 ҚАУЛЫ. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1057. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

Күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

11. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Өтімді бағалы қағаздардың жекелеген түрлерін шығару кезінде ақпарат беру туралы" 2000 жылғы 12 қаңтардағы N 56 қаулысы "Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1057 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында жарияланған, 2000 жыл, N 3)...

Қазақстан Республикасы ұйымдарының эмиссиялық белсенділіктері туралы ақпаратты жинау және талдау жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) туралы ереженің 4-тармағының 3) тармақшасының негізінде Ұлттық комиссия ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы Қаулының 2-тармағында көрсетілген өтімді бағалы қағаздардың жекелеген түрлерін шығару кезінде, оларды орналастыру аяқталғаннан кейін 15 күн ішінде олардың эмиссиясының проспектілері және еркін нысанда жасалған және шығарылым елінің, шығарылым валютасы, шығарылым сомасы,

шығарылым андеррайтерлері (менеджерлері) және орналастырылу сәтіне шығарылған бағалы қағаздардың бағасы туралы ақпарат енгізілген оларды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есептің Ұлттық комиссияға беру керектігі белгіленсін.

2. Осы Қаулының 1-тармағымен айқындалған норманың базалық активтері Қазақстан Республикасының ашық акционерлік қоғамдары болып табылатын, "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның ресми тізіміне енгізілген өтімді бағалы қағаздардың мынадай түрлеріне қолданылатындығы белгіленсін:

- 1) американың депозитарлық акциялары (American Depositary Shares);
- 2) американың депозитарлық сенімхаттары (American Depositary Receipts);
- 3) ауқымды депозитарлық акциялар (Global Depositary Shares),
- 4) ауқымды депозитарлық сенімхаттар (Global Depositary Receipts).

3. Осы Қаулының 1 және 2-тармақтарына сәйкес ұсынылуға жататын ақпаратты Ұлттық комиссияға:

- 1) демеушілік жасалған өтімді бағалы қағаздарды шығару кезінде (осы акционерлік қоғамның бастамасы бойынша және/немесе қолдаған кезде) акцияларына өтімді бағалы қағаздар шығарылған акционерлік қоғамдардың;
- 2) осындай бағалы қағаздардың демеушілік жасалмаған шығарылымы кезінде (акцияларына осы өтімді бағалы қағаздар шығарылған акционерлік қоғамның бастамасынсыз және қолдауынсыз) Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар рыногының өтімді бағалы қағаздар шығаруға және орналастыруға қатысқан кәсіби қатысушыларының беретіндіктері белгіленсін.

4. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін.

6. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы осы Қаулыны бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметін жүзеге асыратын және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның және бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін.

7. Осы Қаулының орындалысына бақылау жасау Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасына жүктелсін.

Комиссияның Төрағасы

Комиссияның мүшелері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК